

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 16 мамырдағы N 416-ІІ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2 -3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат):

1) 40-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Занды тұлғаның құрылтайшылары, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы заңды тұлғаның құрылтайшылары болып табылмайтын оның басқа қатысушыларынан қандай да бір артықшылықтарға ие бола алмайды.";

2) 4 1 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, заңды тұлға өз қызметін жарғысы және құрылтай шарты негізінде, немесе егер заңды тұлғаны бір тұлға құрған болса, жарғысы және заңды тұлға құру туралы жазбаша түрде ресімделген шешімі (жалғыз құрылтайшының шешімі) негізінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, коммерциялық ұйым болып табылмайтын заңды тұлға ұйымдардың осы түрі жөніндегі жалпы ережелер негізінде іс-әрекет жасай алады.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Жалғыз құрылтайшының шешімі заңды тұлғаны тіркеу жөніндегі іс-әрекетті жүзеге асыратын тұлғаны тағайындау, мүліктерді меншікке беру (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) шарттары туралы шешімді және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де шешімдерді қамтуға тиіс.

Жалғыз құрылтайшының - заңды тұлғаның шешімін Қазақстан Республикасының

заңдарына және осы заңды тұлғаның жарғысына сәйкес оның осындай шешім қабылдауға құқығы бар органдары, лауазымды адамдары немесе қызметкерлері қабылдайды.";

3) 42-баптың 6-тармағында:

1) тармақшадағы "акционерлік қоғамның жарғылық капиталының және жарияланған" деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) шаруашылық серіктестіктеріндегі қатысушылардың құрамы өзгергенде (жүз және одан да көп қатысушысы бар шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда) қайта тіркелуге тиіс.";

4) 58-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Акционерлер саны жүз және одан да көп акционерлік қоғам шаруашылық серіктестігі болып қайта құрылған жағдайда құрылтай шарты жасалмайды. Шаруашылық серіктестігіне қатысушылар тізілімінен үзінді көшірме қатысушылар саны жүз және одан да көп акционерлік қоғамнан қайта құрылған шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталына үлес құқығын растайтын құжат болып табылады. Шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтау тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді.";

5) 77-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың саны шектелмейді.";

6) 86-бап алып тасталсын;

7) 87 және 88-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"87-бап. Акционерлік қоғамның құрылтай құжаттары

1. Құрылтай шарты (жалғыз құрылтайшының шешімі) мен жарғы акционерлік қоғамның құрылтай құжаттары болып табылады.

Акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарында осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен айқындалған мәліметтер болуға тиіс.

Акционерлік қоғамның құрылтай құжаттары нотариаттық куәландырылуға жатады.

2. Құрылтай шартының күші (жалғыз құрылтайшының шешімі) жарияланған акциялар шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап тоқтатылады.

3. Акционерлік қоғамның жарғысын бекіту тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді.

88-бап. Акционерлік қоғамның жарғылық капиталы

Акционерлік қоғамның жарғылық капиталының мөлшері және оны қалыптастыру тәртібі, сондай-ақ оны ұлғайту мен азайту тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен айқындалады.";

8) 89 және 90-баптар алып тасталсын;

9) 91-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және оларды орналастыру Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес айқындалады.";

3-тармақтағы "қоғамның белгілі бір мүлкінің" деген сөздер "мүлік" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "эмиссиясының (шығару шарттары)" деген сөздер "шығарылымы" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Акционерлік қоғам қоғамның мынадай акциялары бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері кезінде немесе, егер қоғамның өз капиталының мөлшері дивидендтерді оның акциялары бойынша төлеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер қоғамда дивидендтерді оның акциялары бойынша төлеу нәтижесінде пайда болса дивидендтер төлеуге құқылы емес.

Қазақстан Республикасының заң актілерімен акционерлік қоғамдарға акциялар бойынша дивидендтер төлеуге тыйым салатын өзге де негіздер көзделуі мүмкін.";

10) 92 - бапта :

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген жағдайларда, бір акционері бар акционерлік қоғамда қоғамның жарғысымен директорлар кеңесін құрмай-ақ акционерлік қоғамды басқару мүмкіндігі көзделуі мүмкін.";

5-тармақтың бірінші бөлігіндегі "(және)" деген сөз алып тасталсын;

6-тармақтың бірінші бөлігі алып тасталсын;

8-тармақ алып тасталсын;

11) 93-баптың 2-тармағындағы "жауапкершілігі шектеулі серіктестік" деген сөздер "шаруашылық серіктестігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 94-баптың 1-тармағындағы "(шығарылған жарғылық капиталының)" деген сөздер алып тасталсын;

13) 95 - бапта :

3-тармақтағы "шығарылған", "шығарылған (төленген)" деген сөздер алып тасталсын ;

4-тармақтағы "шығарылған (төленген)" деген сөздер алып тасталсын;

14) 110-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Заңды тұлғалардың қаржы рыногында қызметті жүзеге асыратын қауымдастығын (одақтарын) құру және оларға қатысу ерекшелігі Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді.";

15) 129 және 130-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"129-бап. Бағалы қағаздар

1. Бағалы қағаз - мүліктік құқықты куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілердің жиынтығы.

2. Бағалы қағаздарға акциялар, облигациялар және бағалы қағаздардың осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен айқындалған өзге де түрлері жатады.

3. Бағалы қағаздар шығарылым нысаны бойынша:

1) құжатты және құжатсыз;

2) эмиссиялық және эмиссиялық емес;

3) атаулы, ұсынбалы және ордерлік бағалы қағаздар болып бөлінеді.

Құжатты бағалы қағаздар - құжатты нысанда (бағалы қағаздың мазмұнын арнаулы техникалық құралдарды пайдаланбай-ақ тікелей оқу мүмкіндігі болатын қағаз немесе өзге материалдық жеткізуші) шығарылған бағалы қағаздар.

Құжатсыз бағалы қағаздар - құжатсыз нысанда (электрондық жазбалар жиынтығы түрінде) шығарылған бағалы қағаздар.

Эмиссиялық бағалы қағаздар - бір шығарылым шегінде осы шығарылым үшін бірдей жағдай негізінде орналастырылатын және айналымда болатын, біртекті белгілері мен реквизиттері бар бағалы қағаздар.

Эмиссиялық емес бағалы қағаздар - осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген белгілерге сәйкес келмейтін бағалы қағаздар.

Атаулы бағалы қағаз - ол куәландырған құқықтардың онда аталған тұлғаға тиесілігін растайтын бағалы қағаз.

Ұсынбалы бағалы қағаз - ол куәландырған құқықтардың бағалы қағазды ұсынушыға тиесілігін растайтын бағалы қағаз.

Ордерлік бағалы қағаз - ол куәландырған құқықтардың онда аталған тұлғаға, ал оларға осы құқықтар осы Кодекстің 132-бабының 3-тармағында көзделген тәртіппен берілген жағдайда, басқа тұлғаға тиесілігін растайтын бағалы қағаз.

4. Осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен бағалы қағаздардың белгілі бір түрін қайсыбір нысанда шығару мүмкіндігіне жол берілмеуі мүмкін.

130-бап. Бағалы қағазға құқықтарды растау

1. Бағалы қағаздың өзі құжатты бағалы қағазға құқықты растау болып табылады. Құжатты бағалы қағаздар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысына сақтауға берілген жағдайда, оның есебін жүргізу мақсатында осы кәсіби қатысушы ашқан шоттан алынған үзінді көшірме оған берілген лицензияға сәйкес уәкілеттінің осы бағалы қағазды осылай сақтауға құқығын растау болып табылады. Құжатты бағалы қағаз бен аталған шоттан берілген үзінді көшірменің арасында алшақтық болған кезде үзінді көшірмеге басымдық беріледі.

2. Бағалы қағаздар рыногының өзіне берілген лицензияға сәйкес бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуге уәкілетті кәсіби қатысушысындағы бағалы

қағаздың есебін жүргізу мақсатында ашылған шоттан үзінді көшірме құжатсыз бағалы қағазға құқықты растау болып табылады.

3. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының бағалы қағаздардың есебін жүргізуге арналған шоттарды ашу және жүргізу тәртібі, сондай-ақ осындай шоттардан берілетін үзінді көшірменің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.";

1 6) 1 3 2 - б а п т а :

2-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар беру және солар бойынша құқықтарды растау ерекшелігі Қазақстан Республикасының заң актілерімен айқындалады.";

17) 135-бап алып тасталсын;

18) 136-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"136-бап. Облигация

1. Облигация - шығару кезінде айналыс мерзімі алдын ала белгіленген, оны шығару шарттарына сәйкес облигацияны шығарған тұлғадан ол бойынша сыйақы алу және оның айналыс мерзімінің аяқталуы бойынша облигацияның ақшалай немесе өзге де мүлктік балама түрдегі нақты құнын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз.

2. Облигациялар тек атаулы эмиссиялық бағалы қағаздар ретінде шығарылады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, жергілікті атқарушы органдар, коммерциялық ұйымдар облигациялар шығаруға қ ұ қ ы л ы .

4. Облигациялардың түрлері және оларды шығару тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.";

19) 139-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"139-бап. Акция

1. Акция - акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысуға, ол бойынша дивиденд және акционерлік қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз.

2. Акциялар тек атаулы эмиссиялық бағалы қағаздар ретінде шығарылады.

3. Акциялардың түрлері және санаттары Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді.

Акцияларды шығару тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарымен белгіленеді.

4. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымдар өз акциялары бойынша дивидендтер төлеуді жүзеге асырмайды.

5. Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзінің әрекетімен немесе әрекетсіздігімен акционерлік қоғамның мүддесін бұзған акционерден акцияларды сот

шешімі бойынша сатып алу мүмкіндігі көзделуі мүмкін.

Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген тәртіппен есептелетін меншікті капиталдың теріс мөлшері болған жағдайда, олардың акцияларын мәжбүрлеп сатып алудың мүмкіндігі мен негіздемесі көзделуі мүмкін.";

2 0)

1 5 6 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Биржалық мәмілелер - нысаны биржадағы айналысқа жіберілген мүлік болып табылатын және тиісті биржалар (тауар, қор және басқа) туралы Қазақстан Республикасының заңдары мен биржалық сауда ережелеріне сәйкес онымен сауда-саттық жүргізуге қатысатындармен жасалатын мәмілелер.

2. Биржалық мәмілелер осы мәмілелердің жасалғандығын растау үшін биржа беретін құжаттармен ресімделеді.";

4-тармақтағы "биржалық жарғыларда" деген сөздер "биржалық сауда ережелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат):

1) 886-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде немесе көрсетілген шартта өзгеше белгіленбесе, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының қолданылу кезеңінде сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы сенімгерлікпен басқарылатын мүлікке қатысты қандай да болсын іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы емес.";

2) 892-баптың 2 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Эмиссиялық бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқарушы туралы мәліметтер бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ашқан сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының шоты бойынша көрсетілуге жатады.";

"4. Бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқарудың ерекшелігі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.".

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат):

1) 191-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"191-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік

тіркеуге арналған құжаттарды табыс ету мерзімін

бұзу

Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарды табыс ету мерзімін бұзуы - эмитенттің лауазымды адамына айлық есептік көрсеткіштің қырықтан екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 193-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздар рыногы субъектісінің эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға мәліметтер табыс етпеуі не дұрыс емес мәліметтер табыс етуі, эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуі, бағалы қағаздар рыногында қызметін жүзеге асыруға лицензияны (рұқсатты), өзінің қызметі туралы есептілікті алуы, сол сияқты уәкілетті органның ұйғарымын орындамауы -";

3) 196-баптың бірінші абзацындағы "эмитентінің немесе" деген сөздер алып тасталсын;

4) 197-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "шығару және" деген сөздер алып тасталсын.

4. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексіне) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат):

1) 49-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару арқылы жүргізіледі.";

2) 55-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"55-бап. Салық төлеушінің (акционерлік қоғамның)

жарияланған акцияларын мәжбүрлеп шығару

Осы Кодекстің 49-бабының 1)-4) тармақшаларында көзделген барлық шаралар қолданылғаннан кейін салық төлеуші (акционерлік қоғам) салық берешегі сомаларын өтемеген жағдайда, салық органдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы сотқа талап арызбен жүгінуге құқылы.";

3) 93-баптың 2-тармағында ", тексеру комиссиясының" деген сөздер алып тасталсын; "акционерлер жиналысын" деген сөздер "акционерлердің жалпы жиналысын" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" 1995 жылғы 2 мамырдағы N 2255 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 7, 49-құжат; N 15-16, 109-құжат; 1996 ж., N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 205, 210-құжаттар; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат):

1) 1 - б а п т а :

2-тармақтағы "және акционерлік қоғам" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қызметі серіктестікке қатысушы болып табылмайтын тұлғалардың (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, инвестициялық және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) ақшасы мен басқа мүліктерін тартуға негізделген ұйымдар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес шаруашылық серіктестігі нысанында құрылады.";

2) 3 - б а п т а :

4-тармақтағы "акционерлік қоғамға" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтағы "пен акционерлік қоғамды", "немесе қоғам акцияларының" деген сөздер алып тасталсын;

3) 4-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "Акционерлік қоғамдарды қоспағанда, " деген сөздер алып тасталсын және "серіктестік" деген сөз "серіктестікті" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 7-баптың 2-тармағындағы "ал акционерлік қоғамда акциялардың санымен" деген сөздер алып тасталсын;

5) 25-баптың 3-тармағының 2) тармақшасындағы "немесе акционерлік қоғам" деген сөздер алып тасталсын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 11, 76-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 150-құжат; 1999 ж., N 21, 787-құжат; 2003 жылғы 16 сәуірде "Егемен Қазақстан" және 12 сәуірде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заң актерлеріне мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының
З а ң ы н а) :

1-баптың қыркыншы абзацындағы "жабық" деген сөз алып тасталсын.

7. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5 , 31-құжат):

1) 8-баптың 2-тармағының а) тармақшасындағы "шығарылған" деген сөз " орналастырылған" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 1 2 - б а п т а :

1-тармақтағы "жабық" деген сөз алып тасталсын;

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

3-тармақтағы "ол ашық акционерлік қоғам болып қайта құрылғаннан кейін" деген сөздер алып тасталсын;

3) 14-баптың 2-тармағының үшінші абзацындағы "нақты бағалары" деген сөздер "орналастыру бағалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1 6 - б а п т а :

4-тармағындағы "олардың нақты құнынан төмендетілмей және барлық құрылтайшылар (акционерлер) үшін бірыңғай бағамен ғана жүргізілуі мүмкін." деген сөздер "барлық құрылтайшылар (акционерлер) үшін бірыңғай орналастыру бағасымен жүргізіледі." деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы ", құрылтай құжаттарында жарияланған," деген сөздер алып тасталсын;

5) 22-баптың 1-тармағының а) тармақшасындағы "жарияланған жалпы", "жарияланған" деген сөздер алып тасталсын;

б) 26-баптың 2-тармағының б) тармақшасындағы "жарияланған" деген сөз алып тасталсын;

7) 3 0 - б а п т а :

2-тармақтың и) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"и) сенім операциялары: сенім білдірілген адамның мүддесі үшін және оның тапсыруымен ақшаны және тазартылған бағалы металдарды басқару;"

4-тармақ мынадай мазмұндағы "б-1) тармақшамен толықтырылсын:

"б-1) бағалы қағаздарды басқару;"

8) 3 1 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөлігіндегі "(жабық қоғамда мұндай орган болмаған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысы)" деген сөздер алып тасталсын;

ж) тармақшасындағы "(жабық қоғамда мұндай орган болмаған жағдайда - акционердің жалпы жиналысы)" деген сөздер алып тасталсын;

9) 34-баптың 2-тармағындағы "(жабық қоғамда мұндай орган болмаған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысы)" деген сөздер алып тасталсын;

10) 40-баптың 7-тармағының бірінші бөлігіндегі "(жабық қоғамда мұндай орган болмаған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша)" деген сөздер алып тасталсын;

11) 49-баптың 2-тармағының в) тармақшасындағы "жарияланған" деген сөз алып тасталсын;

12) 54-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "(жабық қоғамда мұндай орган болмаған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысы)" деген сөздер алып тасталсын.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 163-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 189-құжат; 1999 ж., N 21, 786-құжат; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 21, 396-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат):

1) 10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шығарылымы тиісті тәртіппен тіркелмеген акцияларды сатуға жол берілмейді.";

2) 12-баптың 2-тармағындағы "жабық үлгідегі акционерлік қоғамды ашық үлгідегі акционерлік қоғамға өзгерту," деген сөздер алып тасталсын;

3) 1 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар: Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) өткізу не сенім білдірілген басқарушыға кейіннен с а т ы п а л у қ ұ қ ы ғ ы м е н б е р у ; " ;

6-тармақ алып тасталсын.

9. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 182-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 21, 787-құжат):

1-баптың 27-1) тармағындағы "жабық" деген сөз алып тасталсын.

10. "Валюталық реттеу туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 20-21, 404-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; 1999 ж., N 20, 722-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат):

11-баптың 3-тармағындағы "номинал құны ұлттық немесе шетел валютасымен көрсетілген" деген сөздер алып тасталсын.

11. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 52-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 15-16, 238-құжат):

1) 2 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:

"1) агенттік облигация - уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қаржы агенттігі шығарған облигация ; " ;

екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, он бірінші, он екінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он тоғызыншы, жиыrmасыншы, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы абзацтар тиісінше 2), 4), 5), 6), 7), 8), 10), 11)

, 14), 15), 16), 18), 19), 21), 22), 23), 24), 26), 27), 28), 29) тармақшалар болып есептелсін ;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3) бағалы қағаздар рыногы субъектісінің аффилиирленген тұлғасы - шешімді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) бағалы қағаздар рыногы субъектісі қабылдаған шешімге, оның ішінде ауызша шартты қоса алғанда, шарттың немесе өзге де мәміленің күшіне әсер етуге мүмкіндігі бар тұлға (өзіне берілген өкілеттік шегінде осы тұлғаның қызметін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ осындай құқығы бар бағалы қағаздар рыногы субъектісіне қатысты кез келген тұлға;" ;

төртінші абзацтағы "делдал" деген сөз "кәсіби қатысушы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

бесінші абзацтағы "бұрын шығарылған" деген сөздер алып тасталсын ;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"9) бағалы қағаз ұстаушы - бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдерін жүргізу жүйесінде тіркелген және осы бағалы қағазбен куәландырылған мүлiктік құқықтарды иеленген тұлға ; " ;

оныншы абзац алып тасталсын ;

он бірінші абзац "пайда табу мақсатымен" деген сөздерден кейін "баға кесуді ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногына шығару және (немесе) оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы" деген сөздермен толықтырылсын ;

он екінші абзацтағы "өз" деген сөз алып тасталсын ;

он үшінші, он төртінші және он сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12) институционалдық инвестор - өзі тартқан ақшаларды заңдарға сәйкес бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестициялайтын заңды тұлға ;

13) кастодиан - бағалы қағаздар бойынша құқықтарды тіркеу және олардың есебін жүргізу, құжатты бағалы қағаздарды сақтау және клиенттердің ақшаларына есеп жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушы;" ;

"17) листинг - бағалы қағаздарды сауда-саттық ұйымдастырушының ережелерінде белгіленген тәртіппен сауда-саттық ұйымдастырушының бағалы қағаздар тізіміне енгізу ; " ;

он тоғызыншы абзацтағы "бір эмиссиядағы" деген сөздер алып тасталсын ;

жиырма бірінші және жиырма алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"20) облигацияның нақтылы құны - облигация құнының оны шығару проспектінде айқындалған ақшалай көрінісі;" ;

"25) бағалы қағаздар портфелі - бағалы қағаздар рыногы субъектісінің меншігіндегі не сенімгерлікпен басқаруындағы әртүрлі бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының жиынтығы ; " ;

жиырма сегізінші абзацтағы "эмиссия" деген сөз "шығарылым" деген сөзбен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

отыз бірінші және отыз екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"30) тіркеуші - бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушы;

31) өзін-өзі реттейтін ұйым - бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырудың бірыңғай ережелерін (стандарттарын) әзірлеу және қабылдау мақсатында бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары құрған ұйым;"

отыз үшінші абзац алып тасталсын;

отыз төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"32) бағалы қағаздар шығарылымының құрылымы - шығарылатын бағалы қағаздардың саны, олардың түрі, сондай-ақ орналастырылу бағасы (нақтылы құны) т у р а л ы м ә л і м е т т е р ; " ;

отыз бесінші абзац 33) тармақша болып есептелсін;

мынадай мазмұндағы 34) тармақшамен толықтырылсын:

"34) трансфер-агент - бағалы қағаздар рыногында азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыру процесінде ақпараттар (құжаттар) қабылдау мен беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушы;"

отыз алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"35) бағалы қағаздар портфелін басқарушы - бағалы қағаздарды, өзге де қаржы құралдарын, сондай-ақ оларды сатып алуға арналған ақшаларды сенімгерлікпен басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіби қатысушы;"

мынадай мазмұндағы 36) және 37) тармақшалармен толықтырылсын:

"36) қаржы агенттігі - банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен экономиканың белгілі бір саласында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілеттік берілген және осы мақсатта капиталдың ішкі және сыртқы рыноктарынан қарыз алуды жүзеге асыратын ұйым. Қаржы агенттігіне мәртебе беру тәртібін және қаржы агенттігінің қызметіне қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді;

37) қаржы құралы - тұтыну құны оның айналыс және (немесе) төлем құралы ретінде пайдаланылу мүмкіндігімен айқындалатын және ұлттық валютаға айырбасталу қабылеттілігін иеленген актив түрі;"

отыз жетінші, отыз сегізінші, қырқыншы, қырық бірінші абзацтар тиісінше 38), 39), 41), 42) тармақшалар болып есептелсін;

отыз сегізінші абзацтағы "бір эмиссия" деген сөздер "бір шығарылым" деген сөздермен, "осы эмиссияға" деген сөздер "осы шығарылымға" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

отыз тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"40) эмиссия - эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу және оларды орналастыру мақсатында жасайтын іс-әрекеті;"

2) 3-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылар уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді сақтауға міндетті. Пруденциялық нормативтердің құрамына бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері, өз капиталының жеткіліктілік коэффициенті, сондай-ақ уәкілетті органның айқындауы бойынша өзге де нормалар мен лимиттер кіреді.";

3) 6-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өздері тартқан қаржыны Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестициялау үшін пайдаланушы субъектілер Қазақстан Республикасындағы институционалдық инвесторлар болып табылады. Институционалдық инвесторларға:

инвестициялық қорлар;

банктер - Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда;

жинақтаушы зейнетақы қорлары;

сақтандыру ұйымдары;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да ұйымдар жатады.";

4) 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Эмиссиялық бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген шектеулер ескеріле отырып, құжатты немесе құжатсыз нысанда шығарылуы мүмкін.";

2 және 3-тармақтар алып тасталсын;

4-тармақтағы "эмиссияны" деген сөз "шығарылымды" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 8-бап алып тасталсын;

6) 9 - б а п т а :

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қатысушылардың ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногындағы бағалы қағаздармен мәміле жасауына шектеу белгілеуге құқылы.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында бағалы қағаздармен мәміле жасау рәсімі және оларды тіркеу сауда-саттық ұйымдастырушылардың ережелерімен айқындалады.";

7) 10 - б а п т а :

екінші, төртінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтар тиісінше 1), 3), 5), 6), 7), 8) тармақшалар болып есептелсін;

үшінші және бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ

эмитенттердің олардың шығарылу, айналыс және өтелу шарттарын сақтауына
бақылауды жүзеге асыру;";

"4) сауда-саттық ұйымдастырушылардың және институционалдық инвесторлардың қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялау;";

жетінші абзац "бағалы қағаздар рыногына кәсіптік қатысушылар" деген сөздер "бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар, сауда-саттық ұйымдастырушылар" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 12-баптың тақырыбындағы "эмиссиясын" деген сөз "шығарылымын" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 13-бап алып тасталсын;

10) 14-баптың тақырыбындағы және мәтіндегі "эмиссиясы", "эмиссия", "эмиссия" деген сөздер тиісінше "шығарылымы", "шығарылымын", "шығарылым" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:

"14-1-бап. Агенттік облигациялар эмиссиясы

Агенттік облигацияларын шығару, орналастыру және өтеу шарты мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.";

12) 15-бап алып тасталсын;

13) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу

1. Жарияланған акциялар шығару туралы шешім акционерлік қоғам құрылтайшыларының жиналысында (акционерлердің жалпы жиналысында) қабылданды.

Акционерлік қоғам құрылтайшылардың ол әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап бір айдан кешіктірмей жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарды, олардың арасында орналастырылған акцияларды төлегендігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органға табыс етуге міндетті.

Жарияланған акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу құрылтайшыларды акция ұстаушылардың тізілімінде акция ұстаушылар ретінде тіркеу үшін негіз болып табылады.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу:

1) ұсынылған құжаттарды қарауды және олардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкестігіне сараптаманы;

2) эмитенттің аудиторлық ұйым (аудитор) растаған қаржылық есептілігін қарауды;

3) бағалы қағаздарға ұлттық біріздендіру нөмірін беруді және Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне эмиссиялық бағалы қағаздар шығару туралы және эмитент туралы мәліметтер енгізуді;

4) эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжат беруді қамтиды.

3. Эмиссиялық бағалы қағаздарға ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарымен белгіленеді.

4. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеудің ерекшелігін, сондай-ақ олардың шығарылу, айналысы, өтелу мен жойылу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

5. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін эмитент ұсынған құжаттарды уәкілетті орган олар табыс етілген күннен бастан отыз күн ішінде қарайды.

Мемлекеттік тіркеуге қосымша құжаттар табыс етілген жағдайда құжаттарды қарау мерзімі жаңартылды.

6. Эмитенттің лауазымды адамдары мәліметтер бермегені не дұрыс емес мәліметтер бергені, эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды табыс ету мерзімдерін бұзғаны, сондай-ақ уәкілетті органның нұсқамаларын орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.";

14) 17 - бапта :

баптың тақырыбындағы "бағалы қағаздар эмиссияларының" деген сөздер "бағалы қағаздарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "эмиссиялары" деген сөз "шығарылымдары" деген сөзбен ауыстырылсын ;

3-тармақтағы "эмиссиялары туралы" деген сөздер "шығарылымдары туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 18-бап алып тасталсын;

16) 19 - бапта :

тақырыбындағы "эмиссиясын" деген сөз "шығарылымын" деген сөзбен ауыстырылсын ;

1-тармақтағы "эмиссиясын" деген сөз "шығарылымын" деген сөзбен ауыстырылсын ; "қаржы" деген сөз алып тасталсын;

3-тармақтағы "эмиссиясын" деген сөз "шығарылымын" деген сөзбен ауыстырылсын ;

17) 20 - бапта :

тақырыбындағы "эмиссиясын" деген сөз "орналастыруды" деген сөзбен ауыстырылсын ;

1 - тармақта :

бірінші абзацтағы "эмиссиясын" деген сөз "орналастыруды" деген сөзбен ауыстырылсын ;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бағалы қағаздарды орналастыру талаптарының шығару мен орналастырудың

тіркелген талаптарына, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкессіздігі";

үшінші-бесінші абзацтар тиісінше 2)-4) тармақшалар болып есептелсін;
үшінші абзацтағы "эмиссия" деген сөз "орналастыру" деген сөзбен ауыстырылсын;
төртінші абзацтағы "эмиссияның" деген сөз "шығарылымның" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "эмиссиясын" деген сөз "орналастыруды" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші-төртінші абзацтар тиісінше 1)-3) тармақшалар болып есептелсін;
3-тармақтағы "эмиссиясын" деген сөз "орналастыруды" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уәкілетті органның бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімін алған кезден бастап эмитент осы баптың 2-тармағының талаптарын сақтай отырып, бұл туралы баспасөз басылымында хабар жариялауға және анықталған жолсыздықтарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде жоюға міндетті.

Эмитенттің бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімін уәкілетті орган эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізіліміндегі жеке шоттармен жүргізілетін операцияларды тоқтата тұру мақсатында тіркеушіге жібереді. Тізілімде нақты ұстаушының жеке шоты болса тіркеуші оны уәкілетті орган қабылдаған шешім туралы хабардар етуге міндетті.

5. Уәкілетті органның шешімімен бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұруға себеп болған негіздерді жойғаннан кейін ғана эмитенттің бағалы қағаздарды одан әрі орналастыруына мүмкіндік туады.";

6 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

7-тармақтағы "эмиссияны" деген сөз "орналастыруды" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 8) 2 1 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жарамсыз деп тану";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "эмиссиясы" деген сөз "шығарылымы" деген сөзбен, "болмады" деген сөз "жарамсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші, үшінші және бесінші абзацтар тиісінше 1), 2) және 4) тармақшалар болып есептелсін;

екінші абзацтағы "эмиссиясы" деген сөз "шығарылымы" деген сөзбен ауыстырылсын; "(тіркелген шығару шарттарына)" деген сөздер алып тасталсын;
үшінші абзац "эмиссия проспектіне (тіркелген шығару шарттарына)" деген сөздер "

шығарылым проспектіне" деген сөздермен ауыстырылсын;
төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3) бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепте көрсетілген мәліметтердің шығарылымның тіркелген проспектіне немесе осындай шығарылымның нақты орналастырылу деректеріне сәйкес келмеуі";

бесінші абзацтағы "эмиссияны" деген сөз "орналастыруды" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жарамсыз деп тану туралы шешімді уәкілетті орган эмитентке және осы эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізіліміндегі бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді тоқтата тұру мақсатында тіркеушіге жібереді.

Тізілімде нақтылы ұстаушының жеке шоты болса тіркеуші оны уәкілетті орган қабылдаған шешім туралы хабардар етуге міндетті. Хабарламаны алған нақтылы ұстаушы клиенттің шоты бойынша бағалы қағаздармен жасалған мәмілені тіркеуді тоқтата тұруға міндетті.

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жарамсыз деп тану туралы мәлімет Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізіледі." ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облигациялар шығарылымы жарамсыз деп танылған жағдайда осы шығарылған облигациялар эмитентке қайтарылуға жатады. Инвесторларға облигациялардың нақтылы құнын өтеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады." ;

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Акциялар шығарылымы жарамсыз деп танылған жағдайда акционерлік қоғамның директорлар кеңесі уәкілетті органнан акциялар шығарылымының жарамсыз деп танылғаны туралы хабар алған күннен бастап екі ай ішінде мынадай:

1) акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы;

2) шаруашылық серіктестік (өндірістік кооператив) етіп қайта құру туралы;

3) акционерлік қоғамды тарату туралы шешімдердің бірін қабылдау мақсатында акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Акционерлердің жалпы жиналысында акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылданғаннан кейін акционерлік қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі қабылданған күннен бастап бір айдан кешіктірмей құжаттарды мемлекеттік тіркеуге табыс етуге міндетті.

2-2. Осы баптың 2-1-тармағының талаптарын сақтамаған жағдайда акционерлік қоғам уәкілетті органның талап-арызы бойынша сот тәртібімен таратылуға жатады.";

3 және 4-тармақтар алып тасталсын;

5-тармақтағы "бағалы қағаздар эмиссиясын жарамсыз" деген сөздер "бағалы қағаздар шығарылымын жарамсыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 9) 2 2 - б а п т а :

тақырыбы "Бағалы қағаздар" деген сөздердің алдынан "Эмиссиялық" деген сөзбен толықтырылсын, "Бағалы" деген сөз кіші әріппен жазылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Эмитент орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздар туралы мәліметті олардың шығарылуы мемлекеттік тіркелген күннен бастап отыз күн ішінде баспасөз басылымында жариялауға міндетті.

Мемлекеттік тіркелгенге дейін шығару туралы мәліметтерді жариялауға тыйым салынады. " ;

2-тармақтағы "эмиссиясы проспектімен (шығару шарттарымен)" деген сөздер " шығарылымы проспектімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бағалы қағаздарды орналастыру және олардың айналымы кезеңінде эмитент оларды уәкілетті органда тіркеуге және ықтимал инвесторлар мен бағалы қағаз ұстаушыларды бағалы қағаздар шығарылымының тіркелген проспектіндегі деректермен және эмитенттің қызметі туралы және олар эмиссиялаған бағалы қағаздар туралы ақпараттармен салыстырғанда істің нақты жәй-күйіндегі олардың мүдделерін қозғайтын барлық өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті.";

4 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мыналар ықтимал инвесторлар мен бағалы қағаздар ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын мәліметтер болып танылады:";

2) тармақшада "(шығарылған (төленген))" деген сөздер "төленген" деген сөзбен ауыстырылсын; "ашық" деген сөз алып тасталсын;

3) және 4) тармақшалардағы "ашық" деген сөз алып тасталсын;

10) тармақша "ықтимал инвесторлардың" деген сөздерден кейін "және бағалы қағаздар ұстаушылардың" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "эмиссиясы проспектісіне (шығару шарттарына)" деген сөздер " шығарылымы проспектіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "эмиссиясы проспектісінде (шығару шарттарында)" деген сөздер " шығарылымы проспектінде" деген сөздермен ауыстырылсын; "ықтимал инвесторлардың" деген сөздерден кейін "және бағалы қағаздар ұстаушылардың" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтағы "эмиссиясының проспектінде (шығару шарттарында)" деген сөздер " шығарылымы проспектінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 0) 2 3 - б а п т а :

1-тармақтағы "эмиссиясының" деген сөз "шығарылымының" деген сөзбен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

3-тармақтағы "Ашық қоғам" деген сөздер "Эмитент" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 1) 2 4 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептер";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Эмитент уәкілетті орган белгілеген тәртіппен уәкілетті органға бағалы қағаздар толық орналастырылғанға дейін не оларды толық орналастыру аяқталғаннан кейін әрбір алты айдың қорытындысы бойынша (есепті жартыжылдық аяқталған соң бір айдың ішінде) бағалы қағаздарды орналастырудың қорытындылары туралы есептерді, сондай-ақ облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті табыс етуге міндетті.";

екінші бөліктегі "Ашық халықтық" деген сөздер "Халықтық" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Есепті бекіту үшін табыс етілетін құжаттар тізбесін және оларды ресімдеу тәртібін уәкілетті орган белгілейді. Эмитент көрсетілген талаптарды сақтамаған жағдайда уәкілетті орган есепті бекітпей тастауға құқылы. Эмитент құжаттарды қайтара табыс еткен кезде оны қарау мерзімі жаңартылады.";

4-тармақтағы "акцияларды шығару және орналастыру қорытындысы туралы есепті" деген сөздер "эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта "шығару және" деген сөздер алып тасталсын; "осы эмиссияны жарамсыз" деген сөздер "шығарылымды жарамсыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Егер эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті қараған кезде ұсынылған мәліметтердің немесе эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын тіркеу үшін ұсынылған мәліметтердің анық еместігі анықталса, уәкілетті орган бағалы қағаздарды одан әрі орналастыру мен оның айналысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Бекітуге ұсынылған бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есептегі мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда, уәкілетті орган есепті бекіту туралы хабарламаны кері қайтарып алу туралы және эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.";

2 2) 2 4 - 1 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

екінші-төртінші абзацтар тиісінше 1)-3) тармақшалар болып есептелсін;

екінші абзацтағы "эмиссияны болмаған" деген сөздер "шығарылымды жарамсыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 3)

2 4 - 2 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Тексеріс жүргізу кезеңінде және тексерістің қорытындысы бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:";

екінші-төртінші абзацтар тиісінше 1)-3) тармақшалар болып есептелсін;

екінші абзац "эмитенттерге" деген сөзден кейін ", сауда-саттық ұйымдастырушыларға" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

екінші-төртінші абзацтар тиісінше 1)-3) тармақшалар болып есептелсін;

төртінші абзац "эмитенттің" деген сөзден кейін ", сауда-саттық ұйымдастырушының" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Тексеріс жүргізу процесінде эмитент, кәсіби қатысушы және сауда-саттық ұйымдастырушы уәкілетті органның тексеріс үшін қажетті құжаттарды табыс ету туралы талабын орындауға міндетті.

Қажет болған жағдайда уәкілетті орган тексеріс актісіне қоса тіркеу үшін құжаттардың көшірмелерін талап етуге құқылы.

Уәкілетті орган эмитент қызметкерлерінен, кәсіби қатысушыдан және сауда-саттық ұйымдастырушыдан тексеріс жүргізу процесінде және тексеріс қорытындысы бойынша жазбаша түсінік беруді талап етуге құқылы.

2-2. Эмитенттің, сауда-саттық ұйымдастырушының және кәсіби қатысушының Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғанын куәландыратын тексеріс қорытындысы бойынша уәкілетті орган эмитенттің бағалы қағаздарының айналысын, кәсіби қатысушы мен сауда-саттық ұйымдастырушы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру немесе лицензиясын кері қайтарып алу туралы шешім қабылдауға құқылы .";

2 4)

2 5 - б а п т а :

1-тармақтың екінші-бесінші абзацтары тиісінше 1)-4) тармақшалар болып е с е п т е л с і н ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған ұйымдары бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Бағалы қағаздар рыногындағы қызметін жүзеге асыруға лицензия алу үшін уәкілетті органға құжаттарын ұсынған ұйымның, бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушысының және сауда-саттық ұйымдастырушының жарғылық капиталын қалыптастыруы тек ақшамен жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұнды 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі уәкілетті органмен және өзін-өзі реттейтін ұйымдардың уәкілетті органымен келісілген ережелермен белгіленеді.

5. Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушысының өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметіне қатысуы міндетті болып табылады.";

2 5) 2 6 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

"кәсіпқой қатысушы өз капиталының уәкілетті орган белгілеген ең төменгі деңгейінің" деген сөздер "уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді сақтау жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Пруденциялық нормативтердің құрамына жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері, өз капиталының жеткіліктілік коэффициенті, сондай-ақ уәкілетті органның айқындауы бойынша өзге де нормалар мен лимиттер кіреді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті орган осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген тәртіппен лицензия беруден бас тартуға, лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға немесе лицензияны кері қайтарып алуға құқылы.";

мынадай мазмұнды 3-1, 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

" 3 - 1 . У ә к і л е т т і о р г а н :

1) лицензия алу немесе лицензиаттың қызметі туралы есепті қарау үшін ұсынылған құжаттардың мазмұнында анық емес немесе толық емес ақпараттар анықталған;

2) лицензия алу үшін ұсынылған құжаттардағы өзгерістер туралы ақпарат б е р і л м е г е н ;

3) лицензиат уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді сақтамаған;

4) лицензиат бағалы қағаздармен операциялар жүргізу тәртібін белгілейтін ережелер мен стандарттарды орындамаған немесе бұзған;

5) лицензиат өзінің қызметі туралы есепті ұсыну тәртібін сақтамаған;

6) өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше болмаған, сондай-ақ лицензиат өзін-өзі реттейтін ұйымнан шыққан немесе оны шығарған;

7) лицензиат Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы з а ң д а р д ы б ұ з ғ а н ;

8) лицензиат лицензиялық талаптарды сақтамаған;

9) лицензиат уәкілетті органның ұйғарымын орындамаған жағдайларда лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға құқылы.

3-2. Уәкілетті орган лицензияның қолданылуының тоқтатыла тұру себептері жойылмаған жағдайларда және Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген өзге де негіздер бойынша лицензияны қайтарып алуға құқылы.";

2 6) 2 7 - б а п т а :

3-тармақтағы "шығарған" деген сөз "орналастырған" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

екінші-төртінші абзацтар тиісінше 1)-3) тармақшалар болып есептелсін;

екінші абзацтағы "эмитенттің" деген сөз "эмитент" деген сөзбен ауыстырылсын, "
басқару" деген сөз алып тасталсын;

төртінші абзацтағы нүкте ";" тыныс белгісімен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы
4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың
аффилиирленген тұлғалары жатады.";

2 7) 2 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

екінші-тоғызыншы абзацтар тиісінше 1)-8) тармақшалар болып есептелсін;

тоғызыншы абзацтағы "мемлекеттік емес" деген сөздер "жинақтаушы" деген сөзбен
ауыстырылсын;

тоғызыншы абзацтағы нүкте ";" тыныс белгісімен ауыстырылып, мынадай
мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) трансфер-агент қызметі";

оныншы абзац 10) тармақша болып есептелсін;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет пен қаржы құралдарымен сауда
жасауды ұйымдастыру жөніндегі қызмет, қаржы рыногындағы қызметті қоспағанда
және Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген өзге де жағдайларда,
кәсіпкерлік қызметтің өзге түрлерімен қоса атқарылмайды.";

28) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Бағалы қағаздар портфелін басқару және
жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы
активтерін инвестициялық басқару жөніндегі

қызмет

1. Бағалы қағаздар портфелін басқару және жинақтаушы зейнетақы қорларының
зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет - бағалы қағаздар мен
зейнетақы жинақтары портфелі меншік иесінің жекелеген заңды құқықтарын іске
асыру жөніндегі қызмет.

2. Бағалы қағаздар портфелін басқару және жинақтаушы зейнетақы қорларының
зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі,
басқарушының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарымен
айқындалады.";

29) 32-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі уәкілетті органмен келісе отырып" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 0) 3 4 - б а п т а :

1-тармақтағы "меншік иесін" деген сөздер "ұстаушысын" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақта "иелерінің" деген сөз "ұстаушылардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізуді, эмитентпен жасасқан шартқа сәйкес, тіркеуші жүзеге асырады.";

5 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бағалы қағаздар ұстаушы туралы мәліметтер бағалы қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жеке шоттардың тізіліміне енгізілуге жатады.";

8-тармақтағы "тізілімнен", "Тізілімнен" деген сөздер тиісінше "жеке шоттан", "Жеке шоттан" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізудің тәртібін, жеке шоттардан берілетін үзінділердің нысандарын, бағалы қағаздар бойынша құқықтарға қатысты бұйрықтардың нысандарын және оларда көрсетілетін мәліметтердің тізбесін уәкілетті орган белгілейді."

10. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі шарттың күші тоқтатылған жағдайда барлық деректерді және шарттың күші тоқтатылған күнге жасалған бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесін құрайтын құжаттарды басқа тіркеушіге өткізіп беру Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Шарттың күші тоқтатылған күннен кейін тізілімінің жеке шоттарынан тіркеуші берген барлық үзінділер жарамсыз болады. Шарттың күші тоқтатылған күннен кейін бағалы қағаздар ұстаушылардың бұйрықтарын орындауға қабылдауға тіркеушінің құқығы жоқ.";

3 1) 3 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кастодиандық қызмет - банктердің бағалы қағаздар рыногында бағалы қағаздар бойынша құқықтарды тіркеу және есепке алу, құжатты бағалы қағаздарды сақтау және клиенттердің ақшаларын есепке алу жөніндегі қызметі.";

4-тармақтағы "заңдар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) мынадай мазмұндағы 35-1-баппен толықтырылсын:

"35-1-бап. Трансфер-агент қызметі

Трансфер-агент қызметі - бағалы қағаздар рыногында азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыру процесінде ақпарат (құжаттар) қабылдау және беру жөнiндегi қызмет.

Лицензиялар беру және қызметтің осы түрін жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.";

33) 36 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"36-бап. Бағалы қағаздар бланкілерін шығару";

4 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

5-тармақтағы "және оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге" деген сөздер алып тасталсын;

34) 37 - б а п т а :

1-тармақтағы "жабық" деген сөз алып тасталсын;

3-тармақ алып тасталсын;

35) 38-баптың екінші-сегізінші абзацтары тиісінше 1)-7) тармақшалар болып есептелсін;

36) 42-баптың екінші-алтыншы абзацтары тиісінше 1)-5) тармақшалар болып есептелсін;

37) 43-баптың екінші-төртінші абзацтары тиісінше 1)-3) тармақшалар болып есептелсін;

38) 44-баптың 3-тармағының екінші-он екінші абзацтары тиісінше 1)-11) тармақшалар болып есептелсін;

39) 46 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздары қор биржасындағы листинг рәсімінен өткен эмитенттердің өз қызметі туралы ақпараттарды ашу жөнiндегi мiндетi, сондай-ақ осындай ақпараттарды беру тәртібі мен мерзімі қор биржасының уәкілетті органмен келісілген ережелерімен белгіленеді.

Бағалы қағаздары қор биржасындағы листинг рәсімінен өткен эмитенттер қор биржасына :

1) жылдың және ағымдағы жылдың әр тоқсанының қорытындысы бойынша қаржылық есептілікті;

2) бағалы қағаздардың алдағы болатын шығарылымдары туралы ақпаратты;

3) эмитенттің орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы ақпаратты;

4) акционерлердің жалпы жиналыстары хаттамаларының көшірмелерін;

5) алдағы болатын дивиденд төлеу туралы ақпаратты;

6) осы Заңның 22-бабының 4-тармағында көрсетілген ақпаратты беруге міндетті.";

2-тармақтағы "қор биржасында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар санынан" деген сөздер "қор биржасы бағалы қағаздарының тізімінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

40) 49-баптың 1-тармағының екінші-төртінші абзацтары тиісінше 1)-3) тармақшалар болып есептелсін;

41) 50-баптың 1-тармағындағы "жабық" деген сөз алып тасталсын;

4 2) 5 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бағалы қағаздар рыногының белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыратын кәсіби қатысушылары өзін-өзі реттейтін тек бір ұйым құруға құқылы.";

2 - т а р м а ғ ы н д а :

екінші-төртінші абзацтар тиісінше 1)-3) тармақшалар болып есептелсін; үшінші абзацтағы "бағалы қағаздарды иеленушілер мен" деген сөздер алып тасталсын;

43) 58-баптың 2-тармағының екінші-он үшінші абзацтары тиісінше 1)-12) тармақшалар болып есептелсін.

12. "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 53-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 238-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат):

1) 2 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөліктегі "эмитент немесе" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздарға құқықтардың бір тұлғадан басқа тұлғаға өтуіне байланысты бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеу - клиенттердің шоттары бойынша нақтылы ұстаушының немесе бағалы қағаздар ұстаушылардың тізіліміндегі жеке шоттар бойынша тіркеушінің жазбалар енгізулері арқылы мәміленің жасалу фактісін бекітуі.";

2) 3 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау - нақтылы ұстаушы мен оның клиенті арасында олардың арасында жасасқан бағалы қағаздарды нақтылы ұстау туралы шарттың негізінде немесе Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленген, соларға сәйкес нақтылы ұстаушы клиенттің мүддесіне орай немесе нақтылы ұстауды жүзеге асыратын өзге тұлғалар мүддесінде бағалы қағаздарды өзінің иеленуіне, пайдалануына немесе билік етуіне берілген басқаруды өз атынан жүзеге асыруға міндеттенетін өзге де негіздер бойынша туындайтын қатынастар.

Нақтылы ұстаушының клиенттеріне тиесілі немесе нақтылы ұстаудағы бағалы

қағаздар осы нақтылы ұстаушы кредиторларының пайдасына өндіріп алынбауға тиіс.

Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау шартына тиісінше Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мүлікті сенімгерлік басқару шарты туралы ережелер қ о л д а н ы л а д ы .

2. Нақтылы ұстаушының бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу тәртібі осы Заңмен және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарымен белгіленеді." ;

5-тармақ алып тасталсын;

3) 4 - б а п т а :

1-тармақтың а), б), в) тармақшалары тиісінше 1), 2), 3) тармақшалар болып е с е п т е л с і н ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бағалы қағаздарға құқықтарды нақтылы ұстаушының растауы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

4) 5 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:

"1) әрбір клиентке шот ашу арқылы клиенттердің бағалы қағаздарына есеп жүргізу;"

а), б), в), г), д), е) тармақшалары тиісінше 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшалар болып есептелсін;

5) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Нақтылы ұстау туралы шарт

1. Бағалы қағаздарды нақтылы ұстау туралы шарт жасасар алдында нақтылы ұстаушы клиентті өзінің нақтылы ұстаушы ретіндегі қызметті орындау шартымен т а н ы с т ы р у ғ а м і н д е т т і .

2. Нақтылы ұстау туралы шарт:

1) ш а р т т ы ң н ы с а н а с ы н ;

2) нақтылы ұстаушының клиенттің шоттары туралы коммерциялық құпияны сақтау жөніндегі міндеттемесін қоса алғанда, тараптардың құқықтары мен міндеттерін;

3) нақтылы ұстаушының қызмет көрсетуіне ақы төлеу мөлшері мен тәртібін;

4) нақтылы ұстаушының клиент алдындағы есеп беруінің нысаны мен кезеңділігін;

5) тараптардың шарттың талаптарын бұзғандығы үшін жауапкершілігін;

6) бағалы қағаздар бойынша табыстар алу және оларды клиенттің (пайда табушының) шотына есепке алу шарттары мен тәртібін қамтуға тиіс.

Жоғарыда тізіп көрсетілген ережелерден бөлек, шартта Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да талаптар болады.";

6) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Тіркеуші

1. Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет бағалы қағаздар рыногындағы айрықша қызмет түрі болып табылады және осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заң актілерімен белгіленген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің өзге түрлерімен қоса атқарылмайды.

2. Уәкілетті орган тіркеушінің эмитент пен бағалы қағаздар ұстаушыларға көрсеткен қызметіне ақы төлеудің ең жоғары мөлшерін, тәртібі мен принциптерін белгілеуге құқылы.";

7) 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі ", нақтылы құнын" деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөлікте "эмиссиясы" деген сөз "шығарылымы" деген сөзбен ауыстырылсын;
"толық сәйкес келуін" деген сөздерден кейін "белгілі бір күнге" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта "эмиссиясы" деген сөз "шығарылымы" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 9 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

а), б), в), г), е), ж) тармақшалары тиісінше 1), 2), 3), 4), 6), 7) тармақшалар болып есептелсін;

д) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) айналыстағы бағалы қағаздар көлемінің шығарылымның тіркелген өлшемдеріне сәйкес келуіне бақылауды жүзеге асыру;"

9) 10 - б а п т а :

3-тармақтағы "Уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес эмитент" деген сөздер "Эмитент" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақ "бойынша" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізуге шарттың күші тіркеушінің лицензиясы кері қайтарылып алынған жағдайда және шарт пен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізуге шарттың күшін тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.";

10) 11-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тіркеуші лицензия алу үшін оларға табыс етілген құжаттарға өзі енгізген барлық өзгерістер мен толықтырулар жөнінде уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.";

11) 13 - б а п т а :

а), в), г), д) тармақшалары тиісінше 1), 3), 4), 5) тармақшалар болып есептелсін;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бағалы қағаздар бойынша құқықтарды тіркеу мен оның есебін жүргізуді, құжатты бағалы қағаздарды сақтауды және клиенттердің ақшаларына есеп жүргізуді қамтамасыз ету;"

1 2) 1 4 - б а п т а :

1-тармақтағы "ақша қаражаты", "ақша қаражатын" деген сөздер тиісінше "ақшасы", "ақшасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы а), б), в), г), д), е), ж), з) тармақшалары 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) тармақшалары болып есептелсін;

1 3) 1 5 - б а п т а :

1 - тармақ алып тасталсын;

2 - тармақта :

екінші бөліктегі "және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Кастодиан лицензия алу үшін оларға табыс етілген құжаттарға өзі енгізген барлық өзгерістер мен толықтырулар жөнінде уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.";

14) 18-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Брокер - дилер лицензия алу үшін табыс етілген құжаттарға өзі енгізген барлық өзгерістер мен толықтырулар жөнінде уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.";

1 5) 1 9 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Орталық депозитарий бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары мен халықаралық қаржы ұйымдары акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрған коммерциялық емес ұйым болып табылады. Орталық депозитарий алған кіріс оның акционерлері арасында бөлінбейді және оның техникалық дамуына жұмсалады.

2. Кастодиандар, нақтылы ұстаушылар болып табылатын брокер - дилерлер депозитарийдің депоненттері болып табылады.";

1 6) 2 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің а), б), в), г), д), е), ж), з), и) тармақшалары тиісінше 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) тармақшалар болып есептелсін;
екінші бөліктегі "ашық халықтық" деген сөздер алып тасталсын;

17) 22-бап алып тасталсын;

1 8) 2 3 - б а п т а :

1-тармақтың а), б), в), г) тармақшалары тиісінше 1), 2), 3), 4) тармақшалар болып есептелсін;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Орталық депозитарий материалдық өндірістік саладағы қызметті,

жылжымайтын және жылжымалы мүлікпен (мемлекеттік бағалы қағаздарды қоспағанда) сауда-саттықты, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ заңды тұлғалардың (бағалы қағаздар рыногында клирингтік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда) жарғылық капиталына қатысуға құқылы емес.";

19) 24-баптың 3-тармағының а), б), в), г), д), е), ж), з), и) тармақшалары 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) тармақшалар болып есептелсін;

20) 25 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Бағалы қағаздар кепілін тіркеуді осы мәмілені тіркеу үшін тараптардың табыс еткен барлық қажетті мәліметтер бар бұйрықтарының негізінде тіркеуші және (немесе) нақтылы ұстаушы жүзеге асырады. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында біржақты мәміле жасалған жағдайда, мәмілені тіркеу сатып алушының бағалы қағаздарға қатысты құқығы расталатын құжаттар табыс етіле отырып, оның бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.";

екінші бөліктегі "Бұйрық бағалы" деген сөздер "Бұйрықты тіркеуді бағалы" деген сөздермен, "немесе бұйрықты қабылдау мен тіркеуге уәкілетті тұлға тіркейді." деген сөздер "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізеді." деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бұйрықтың нысаны, оны ресімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.";

21) 26 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөліктегі "тізілім/шот" деген сөздер "бағалы қағаздар ұстаушының бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдерін жүргізу жүйесіндегі жеке шотының немесе нақтылы ұстаушының клиенті шотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "тізілім/шот" деген сөздер алып тасталсын.

13. "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 57-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат):

1) 1 - б а п т а :

1-тармақтағы "Ашық" деген сөз алып тасталсын, "акционерлік" деген сөз бас әр і п п е н ж а з ы л с ы н ;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "ашық акционерлік" деген сөздер "акционерлік" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 1-тармағындағы "ашық үлгідегі" деген сөздер алып тасталсын;

3) 10 - б а п т а :

1-тармақтағы "эмиссиясы" деген сөз "шығарылымы" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "акцияларының эмиссиясын" деген сөздер "акцияларын" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 12-баптың тақырыбындағы және бірінші абзацындағы "комиссиясы" деген сөз "шығарылымы" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 20-баптың 2-тармағындағы "эмиссияларын" деген сөз "шығарылымдарын" деген сөзбен ауыстырылсын.

14. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат):

1) 1-баптың 2) тармақшасындағы "ашық" деген сөз алып тасталсын;

2) 34-баптағы "жабық" деген сөз алып тасталсын.

15. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 5-6, 49-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат):

1) 8-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

2) 9-бап алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 16-1-баппен толықтырылсын:

"16-1-бап. Акционерлік қоғамнан қайта құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің

құрылу және қызмет ету ерекшеліктері

1. Акционерлердің саны жүз және одан да көп акционерлік қоғам жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрылған жағдайда құрылтай шарты жасалмайды.

Серіктестікке қатысушылардың тізімінен көшірме акционерлердің саны жүз және одан да көп акционерлік қоғамнан қайта құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталдағы қатысу үлесіне меншік құқығын растайтын құжат б о л ы п т а б ы л а д ы .

Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың тізілімін бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы (тіркеуші) жүзеге асырады. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар тізілімін жүргізу тәртібі тіркеуші мен серіктестік арасында жасалған шартпен, сондай-ақ осы тіркеушінің серіктестікке қатысушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметін реттейтін ішкі құжаттарымен а н ы қ т а л а д ы .

2. Акционерлік қоғамнан қайта құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысына қайта құру туралы шешім қабылдаған акционерлердің жалпы жиналысы уәкілеттік берген адам қол қояды.

Акционерлік қоғамнан қайта құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысында, осы Заңның 48-бабында белгіленген тәртіппен қабылданады.";

4) 17-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) серіктестікке қатысушылардың (қатысушылар саны жүз және одан да көп акционерлік қоғамнан қайта құрылған серіктестіктерді қоспағанда) олардың атауы, орналасқан жері, мекен-жайы, банк реквизиттері (егер құрылтайшы заңды тұлға болса) немесе аты-жөні, тұратын жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (егер құрылтайшы жеке тұлға болса) көрсетілген тізбесі;"

5) 19-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Акционерлері жүз және одан да көп акционерлік қоғамнан қайта құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестікті мемлекеттік тіркеу үшін:

1) қайта құру туралы шешім қабылдаған акционерлердің жалпы жиналысы уәкілдік берген адам қол қойған серіктестікті құру туралы өтініш;

2) серіктестіктің жарғысы;

3) қайта құру туралы шешім қабылдаған акционерлердің жалпы жиналысы уәкілдік берген адам қол қойған, акция ұстаушылар тізіліміндегі деректер негізінде жасалған серіктестікке қатысушылар тізімі табыс етілуге тиіс.";

6) 20-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "4-тармағында" деген сөздер "4 және 4-1-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 22-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жүз және одан да көп қатысушысы бар акционерлік қоғамнан қайта құрылған серіктестікке жаңа қатысушы қабылдау серіктестікке қатысушылар тізіліміне жазбалар енгізу жолымен ресімделеді.";

8) 26-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;

9) 32-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жүз және одан да көп қатысушысы бар серіктестікке қатысушының үлесін сату тәртібі серіктестіктің жарғысымен белгіленеді.";

10) 46-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жүз және одан да көп қатысушысы бар акционерлік қоғамнан қайта құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) оны өткізу туралы серіктестікке қатысушыларды жиналыс ашылардан он бес күн бұрын хабардар етуге міндетті.

Жүз және одан да көп қатысушысы бар серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы хабар серіктестіктің жарғысында көрсетілген баспасөз басылымында жариялануға тиіс.";

1 1) 6 9 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақ алып тасталсын.

16. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат):

1) 4-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің сегізінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"халықтық акционерлік қоғамдар жатады.";

2) 6 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а ғ ы :

бірінші бөліктегі "ашық үлгідегі акционерлік қоғамды," деген сөздер алып тасталсын.

17. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат):

1) 2 2 - б а п т а :

2-тармақтың екінші сөйлемі алып тасталсын;

3-тармақ алып тасталсын;

2) 25-баптың 6-тармағындағы "эмиссиясының" деген сөз "шығарылымының" деген сөзбен ауыстырылсын.

18. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 1, 8 - құ ж а т ; N 2 4 , 3 3 8 - құ ж а т) :

28-баптың 4-тармағындағы "нақты құнына" деген сөз "санына" деген сөзбен ауыстырылсын.

19. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 9, 85-құжат):

1-баптағы "жабық" деген сөз алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бағалы қағаздар рыногының шаруашылық серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған кәсіби қатысушылары осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде акционерлік қоғамдар болып қайта құрылуға міндетті.

Бағалы қағаздар рыногының өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметіне қатыспайтын кәсіби қатысушылары, осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап үш ай ішінде, өзін-өзі реттейтін ұйымға оның мүшесі болып кіру үшін өтініш беруге міндетті.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК